

ӘОЖ 37.016:81'342.622; МҒТАР 16.01.09  
<https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.02>**Б.К. КӨПБОСЫНОВ<sup>1</sup>✉, С.Р. БОРАНБАЕВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: bekaspan@mail.ru  
<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, доцент  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: sandybai60@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелу тарихының кезеңдері жайлы сөз болады. Шетелдік ғалымдармен қатар Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы бастаған тұлғалардан бастап, қазақтың лингвист ғалымдарының тұжырымдары негізге алынады. Талдаудың негізінде қазақ тіліндегі үндестік заңының табиғаты ашылады.

Бүгінге дейін көптеген зерттеушілерде сингармонизмді тек дауысты дыбыстардың үндесуі деген пікір басым болды. Қазіргі кезде мектеп оқулықтары мен зеттеу еңбектерінде де осы анықтама беріліп жүр. Авторлар мақалада дауыссыз дыбыстардың да үндесетінін дәлелдейтін мысалдар береді.

Қазақ тіліндегі сингармонизм туралы ғалымдардың теориялық пікірлері бірізді емес, сондықтан да қазақ тілінің фонетикалық жүйесін эксперименттік жолмен зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына басымдық берілді.

Авторлар сингармониялық тілде дауыстымен қатар дауыссыз дыбыстың да өзіндік рөл атқаратынын дәлелдеуге тырысады. Авторлардың шешімдеріне кей қағидалар қайшы болғанымен, дыбыстардың жасалым, естілім сипатын лабораториялық жолмен зерттеген ғалымдардың көбінің пікірі олардың талдауымен сай келеді.

Түркі сөзінің негізі болып саналатын үндестік теориялар мен акцентті-фонемалық теориялардың проблемалық мәселелерін тереңірек түсіну маңызды болып табылады. Түркологияның дыбыстық жүйе саласында соңғы жылдарда жаңа, сингармониялық, сингармофонологиялық теориялардың қалыптасып, қолданысқа ене бастағаны осы мақаладағы тұжырымдар арқылы көрінеді.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, сингармонизм, үндестік, фонетика, сөз, дыбыс.

**В.К. Koppbossynov<sup>1</sup>, S.R. Boranbayev<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: bekaspan@mail.ru  
<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences, Associate Professor  
M. Auezov South Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: sandybai60@mail.ru

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Көпбосынов Б.К., Боранбаев С.Р. Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №4 (126). – Б. 19–28. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.02>

**\*Cite us correctly:**

Koppbossynov B.K., Boranbayev S.R. Qazaq tilindegi singarmonizmnin zerttelui [Study of the Law of Synharmonism in the Kazakh Language] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №4 (126). – Б. 19–28. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.02>

## Study of the Law of Synharmonism in the Kazakh Language

**Abstract.** The article discusses the main stages of the scientific study of vowel harmony in the Kazakh language. The initial data for the study were the works of foreign linguists and Kazakh linguists in charge of A. Baytursynuly and H. Dosmukhameduly. On the base of analyze the nature of the law of consonance in the Kazakh language is described in detail.

To date, many researchers argue that vowel harmony is only the consonance of vowel sounds. So this definition is given in school textbooks and scientific papers. In this article authors gave examples that show one of the types of synharmonism – the harmony of consonant sounds.

The theoretical views of scientists on vowel harmony in the Kazakh language are contradictory, so there was given preference to the conclusions of scientists who studied the phonetic structure of the Kazakh language experimentally.

Authors tried to prove that both the vowel and the consonant sound play an important role in the synharmonic language. Although some principles contradict authors' decisions, the opinion of the majority of scientists who have studied the structure and auditory nature of sounds and other speech units, phenomena and processes experimentally is consistent with the result of their research.

It is important to understand more deeply the problems of consonantal theories and stress-phonemic theories underlying the Turkic word. The conclusions of this article show that in recent years in the field of sound systems in Turkology, new, synharmonic, synharmonic phonological theories have been formed and introduced into practice.

**Keywords:** Kazakh language, synharmonism, consonance, phonetics, word, sound.

**Б.К. Копбосынов<sup>1</sup>, С.Р. Боранбаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: bekasran@mail.ru*

<sup>2</sup>*доктор филологических наук, доцент  
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: sandybai60@mail.ru*

## Исследование сингармонизма в казахском языке

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные этапы научного исследования сингармонизма в казахском языке. Исходными данными для проведения исследования послужили труды как зарубежных так и казахских ученых-лингвистов во главе А. Байтурсынулы и Х. Досмухамедулы. На основе анализа была подробно описана природа закона созвучия в казахском языке.

На сегодняшний день многие исследователи утверждают, что сингармонизм – это только созвучие гласных звуков. Так это определение дается в школьных учебниках и научных работах. В данной статье авторы привели примеры, которые показывают один из видов сингармонизма – гармонию согласных звуков.

Теоретические взгляды ученых на сингармонизм в казахском языке противоречивы, поэтому было отдано предпочтение выводам ученых, изучавших фонетический строй казахского языка экспериментальным путем.

Авторы попытались доказать, что в сингармоническом языке важную роль играют как гласный, так и согласный звук. Хотя некоторые принципы противоречат авторским решениям, мнение большинства ученых, изучавших структуру и слуховую природу звуков и других речевых единиц, явлений и процессов экспериментальным путём, согласуется с результатом их исследований.

Важно глубже разобраться в проблемах консонантных теорий и ударно-фонематических теорий, лежащих в основе тюркского слова. Выводы данной статьи

показывают, что в последние годы в области звуковых систем в тюркологии формируются и внедряются в практику новые, сингармонические, сингармофонологические теории.

**Ключевые слова:** казахский язык, сингармонизм, созвучие, фонетика, слово, звук.

### **Кіріспе**

Барлық тілде номинативтік бірлік ретінде сөздің фонетикалық және фонеморфологиялық құрылымдары өзіне ғана тән ерекшеліктерімен көрініс табады. Сол ерекшеліктердің негізгісі сөздегі дыбыс тіркестерінің ерекше заңдылықтары екені анық. Бұл тұрғыда қазақ тіліндегі сөздердің өзге тілдерден айырмашылығы бар. Оның типтік және басты ерекшелігі – сингармонизм заңдылығы.

Сингармонизм дыбыстар үндестігінің ерекше түрі болып табылады. Түркі тілдеріндегі жалғамалылық сипат бұл үндесімнің ерекшелігін көрсетеді. Тілдегі сөзжасам мен сөзөзгерімдердің түбір морфемаға қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатыны анық. Олар бір тілдің нақты құрылымдық-семантикалық заңдылығы негізінде белгілі реттілікпен жасалып отырады. Аффикстердің линиялық өнігу ерекшелігі түркі тіліндегі сөздердің дыбыстық бейнесіне де әсер еткені белгілі болды.

#### **Зерттеудің мақсаты**

Қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен олардағы фонетикалық құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін анықтай отырып, бүгінге дейін қалыптасқан ғылыми пікірлерді сын елегінен өткізу; үндестік заңының негізгі сипатты ерекшеліктерін, ортақ және айырым белгілерін анықтау. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай міндеттер қойылды:

– қазақ тілтанымындағы сингармонизм мен сөздік екпінге арналған еңбектер талданды, қазақ тіліне тән сөз просодикасының басы ашылды;

– қазақ тілінің сөз просодикасына арналған еңбектерге ғылыми-теориялық шолу жасалды;

– сөздердің үндесім (сингармонизм) артикуляциялық белгілері анықталды және сипаттамасы берілді.

Қазіргі уақытта қазақ тілдеріндегі сингармонизм заңдылығына, оның фонетикалық және фонологиялық сипаттарына қатысты тюркологтар тарапынан берілген пікірлер мен жасалған зерттеулер жинақталды. Сингармонизм құбылысының фонетикалық теорияларының даму деңгейіне лайық сипаттамалары айқындалды.

Сингармонизм дауыстылардың үндесімі (гармония гласных) ретінде зерттеушілердің назарына ерте ілінді. Лингвистер қазақ тіліндегі үндесім құбылысына тұрақты түрде көңіл бөліп отырды. Алайда тілдік құбылыс ретінде оның фонетикалық (артикуляциясы) сипатына баса көңіл бөліп, оның қызметі жайлы пікір айтылмай келді. Фонетикалық теориялардың әр кезеңінің даму деңгейіне лайық сингармонизмнің фонетикалық сипаттамасы беріліп отырды және пікірлер барлық тілге ортақ үлгіде беріліп отырды. Сондықтан сингармонизмнің ережесі біркелкі болды, зерттелім нәтижелерінде еш алшақтық болған жоқ.

#### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдістері мен тәсілдері қолданылды. Сингармологиялық талдау, сөздердің үндесімінің құрылымын моделдеу әдістері пайдаланылды.

#### **Талдау мен нәтижелер**

Алғашқы қазақ грамматикасының авторы И. Ильминский таза қазақ тілі туралы «Изучить его можно только среди киргизов» [1, 5-б.] деп жазды. Ғалымның бұл пікіріне арнайы тоқталып отырған себебіміз: қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс және таза үндесім үлгілерін тек ауызекі сөйлеу тіліне бақылау жүргізіп қана нақты, дәл қағазға түсіруге

болады. Ал сөздердің жазу үлгісі бұрын да, қазір де тілдің үндесімін бұзып көрсететіні белгілі.

Ғалым қолданған «жуан, жіңішке» атауларының сол кезеңде қалыптаса бастағанын байқаймыз. Ең бастысы, орыс тіліндегі «твердый/мягкий» атауларын тікелей аудармастан, «толстый/тонкий» деген терминдерді қолданғанын көреміз. Осы атаулар бүгінгі қазақ тілінде орнығып, тұрақты, үйреншікті зерттеу құралына айналып кетті. Расында, қазіргі зерттеулерге қарайтын болсақ, онда дауыссыздардың жуан/жіңішкелік ерекшеліктері қазақ тілінің құрылымдық белгілерін көрсететін бірліктер болып қалыптасты.

В. Радлов өзінің неміс тілінде жарық көрген еңбегінде сингармонизмнің фонетикалық сипатын «ерін мен тілдің бірдей позициясында айтылуы» [2, 2-б.] дейді. Зерттеуші ұсынған жіктелім ретінің артикуляциялық атауларында айырмашылық болғанмен, ішкі мазмұны бүгінгі жіктелім белгілермен толық сәйкес келіп тұр.

Бұл жердегі басты көңіл бөлетін мәселе дауыстының басым рөлі болды. «Гармония гласных» идеясы сингармонизмді түсіндірудің негізгі мәні болып қала берді. Сингармонизмнің ерте кезден күрделі тілдік құбылыс ретінде танылуы салдарынан оның төңірегіндегі пікірталастар әлі күнге толастамай келеді.

Соңғы кездегі ғылыми еңбектердің басты тұжырымдарын С. Мырзабековтің еңбектерінен табамыз. Ғалым талдауларында оқулықтар мен оқу-құралдарында қабылданып жүрген үндестік заңының негізгі қағидалары жан-жақты талданған. Қазақ тіл біліміндегі үндестікке қатысты анықтамалар осы жерден табылып отырғандықтан және өзге пікірлерден аздаған ғана айырмашылығы болмаса, осы мазмұндас болғандықтан бәріне бірдей тоқталуды жөн көрмедік. Мысалы, «Тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке, сондай-ақ бірыңғай еріндік не езулік буынды болып... үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы дейміз. Бұл заң – дыбыстау мүшелерінің үнемді қимыл-қозғалысының нәтижесі. Буындар мен дыбыстардың өзара үндесуінің нәтижесі – үндестік» [3, 138–139-бб.] дейді проф. С. Мырзабеков. Бұдан біздің түсінетініміз үндестік заңы ретінде қазақ тіліндегі буын үндестігі де, дыбыс үндестігі де бірге қарастырылады. Жуан буыннан кейін жуан буын, жіңішке буыннан кейін жіңішке буын келетінін буын үндестігіне жатқызса, қатаң дыбыстан кейін қатаң дыбыс, үнді дыбыстан кейін үнді дыбыс, т.б. келетін тіркестерді дыбыс үндестігіне жатқызады. Сонымен қазақ тіліндегі буын мен буынның, дыбыс пен дыбыстың фонетикалық тіркесу заңдылықтары түгелдей үндестік заңына саятынын көруге болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде, оқулықтар мен оқу-құралдарында үндестік заңын тек дауыстылармен байланыстыру басым болып тұр, тіптен үндестік заңына қатысты дауыссыздар ескерілмей қалуда. Оны жоғарыда келтірілген сілтемелерден де байқаймыз, үндестік табиғаты сөз болғанда тек дауысталарға мән беріледі.

Қазақ тілтанымындағы сингармонизм анықтамасының осындай бірізді және біркелкі берілуінен ауытқыған проф. Ә. Жүнісбек болды.

Бертін келе сингармонизм құбылысына деген көзқарас едәуір өзгерді. Ең бастысы сингармонизм сөздің бүкіл өн бойына тән просодикалық бірлік деп қарала бастады. Мұндай жағдайда сөз құрамындағы буындар немесе түбір мен қосымшалар алдыңғы сегментке қарап үндесіп отырады деген анықтама жоққа шығарылады. Сол себепті сөз құрамындағы буын реті (буын мен буын) мен түбір-қосымша тіркестерінің өзара үндесу заңдылықтары синтагматикалық (тіркестік) құбылыс деп қаралмайды. Нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесу құбылысы екіге бөлінді: сөздің өн бойына тән үндесу сингармонизмге жатқызылды, сөздің әуез тұрқына қарай үндесім деп аталды; ал іргелес дыбыстардың өзара үндесуі сингармонизмнен шығарылып, дыбыстың әуез тұрқына қарай үйлесім деп аталды [4, 38-б.]. Үндесім құбылысы сөзге тән просодикалық бірлік, яғни жоғары сөздік деңгейге тән болса, үйлесім құбылысы дыбысқа тән ассимилятив бірлік, яғни төмен дыбыстық деңгейге тән деп қарастырылады. Тілдегі екі деңгейге (просодика және сегмент) тән құбылыстарды бір ұғымға сыйғызуға болмайды деген көзқарас пайда болды.

Осы бағыттағы талдаудың өзіне тән ұғымдары мен оларға тән атаулары қалыптасты: сөз құрамындағы дыбыстардың сөздегі орнына қарамай өзара әуез икемделімі үндесім деп, ал іргелес дыбыстардың сөздегі орнына қарай өзара артикуляциялық икемделімі үйлесім деп аталады.

Қазақ тіліндегі сингармонизмге қатысты А. Байтұрсынұлы пікіріне арнайы тоқталғанды жөн деп білеміз: «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [5, 390-б.]. Сингармонизм құбылысы жуан-жіңішкелік деп қана жіктелгенімен, ғалым берген анықтаманың мәнді жері «сөз ішіндегі дыбыстардың бәрі...» деген тұсы болып тұр. Өйткені А. Байтұрсынұлы сингармонизм құбылысын тек дауыстылармен байланыстырып отырған жоқ, дауыссыздарды да қамтыған. Қазақ тіліндегі үндестік құбылысы үшін дауыссыздардың да жуан-жіңішке болғаны маңызды.

Жалпы фонетика саласында сөз просодикасы тілдің дыбыстарын бүтін бір сөзге айналдырып, басын құрап тұратын фонетикалық бірлік ретінде түсіндіріледі. Тілде осы анықтама толық қалыптасты. А. Байтұрсынұлы: «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады» [5, 392-б.], - дейді. Фонетиканың дыбыстарды қарастыратыны анық болғанмен, дыбыстардың «қалай сөз ішінде байласатынын» қарастыратынын көпшілік біле бермейді. Сондықтан «тілде қандай және қанша дыбыстар бар» деген мәселе маңызды болса, олар «бір-бірімен қалай байласады» деген мәселе одан да маңыздырақ болып табылады. Тілде «қандай және қанша дыбыстар бар?» деген сұраққа тек осы сөз просодикасы арқылы дұрыс жауап табамыз. Орыс тіліндегі дыбыстарды сөздік екпінсіз түгелдеу мүмкін болмайды, ал буынға негізделген тілдердің дыбыс құрамын тілдегі тон арқылы ғана тиянақтау дұрыс болады. Қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін тек үндесім заңы арқылы нақты анықтаймыз.

Өзінің «фонологиялық» пайымдауын ғалым А. Байтұрсынұлы былай түсіндіреді: «Тіл болса, оның заңы боларға керек. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе? ...Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы». Яғни ғалым үндесім (сингармонизм) фонологиясын қазақ тілінің «заңы» ретінде көрсетіп отыр.

А. Байтұрсынұлы былай дейді: «...19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» [5, 324-б.]. Бұл тұжырымды ғалым қазақ сөзінің үндесім просодикасына сүйеніп айтып тұр. Содан соң қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» бар деген қорытынды жасайды. Ә. Жүнісбектің пікіріне сәйкес, егер «түркі сөзінің сегменттік фонологиясын сингармонизмнен табамыз» [4, 39-б.] дейтін болсақ, онда қазақ фонологиясының бастауын А. Байтұрсынұлының еңбектерінде жатқанын байқаймыз.

А. Байтұрсынұлының пікіріне жақын анықтаманы Х. Досмұхамедұлының «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты белгілі еңбегінен кездестіреміз. Ғалымның өз мақаласында «Тіл-құралға» қайта-қайта жасап отырған сілтемесіне қарағанда, А. Байтұрсынұлымен бір пікірлес болғандығы және оны қолдайтындығы аңғарылады.

Ғалым пікірінше, «Жалпы сөздің түбіріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан мен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды. Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада... Қазақ тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм тілімізді үйренуге, үйретуге жеңілдетіп тұр, жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып, ...адастырмайтын қарақшы даңғыл жол болып тұр» [6, 14-б.]. Мұнда да «сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің...» деген сөзінен дауысты-дауыссыздарды түгел қамтып отырғанын көреміз.

Сонымен бірге сингармонизм атауының «үндестік, ұйқастық» деген қазақша баламасын, қазақы үлгісін байқаймыз.

Х. Досмұхамедұлы былай деп жазады: «Бірқатар білгіштердің ойынша, сингармонизм дауысты дыбыстардың үндес болып ұйқасып, бір дауыспен (не жуан, не жіңішке) айтылуынан шығады. Дауысты дыбыстар қалай айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар солай айтылмақшы. Сондықтан сингармонизм заңы дауыстылардың гармондесу заңы я дауыстылардың гармоние заңы деп те айтылады» [6, 62–63-бб.]. Сингармонизм заңын дауыстылардың ғана үндесуі деп қарауға болмайтынын автор сол кезде-ақ аңғарған. Сөйтіп жоғарыдағы пікірге қарсы өз анықтамасын ұсынады. «Бір сөздің я жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ-қырғыз тіліндегі әр дыбыстың біресе жуан, біресе жіңішке болып қос айтылуынан. Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып, тамақтан (көмейден) шыққандай болып, ауыр сезіледі; сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі. Дауысты дыбыстарда бұл анық байқалады, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстарда дұдамал сезіледі» [6, 63-б.] дей келіп, ойын «Сондықтан біз «дауыстылар гармониесі» дегеннің орнына «дыбыстар гармониесі» деп айтқанды дұрыс көреміз» [6, 63-б.] деп тұжырымдайды. Ендеше сингармонизм заңы үшін дауысты дыбыстармен қатар дауыссыз дыбыстардың да маңызды екенін көреміз. Қазақ сөзінің үндесімі үшін сөз құрамындағы дыбыстардың бәрінің бірдей өзгерісі шарт. Сөйтіп қазақ тілінің іргелі заңдылығы тұрғысынан бірі артық, бірі кем дыбыс болмайды. Сөз әуезін (тембр) құрауда дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонологиялық қызметі бірдей деп қарау керек. Бұл жөнінде М. Жүсіпов: «Х. Досмұхамедұлы тіл білімінің тарихында бірінші болып сингармонизмді дауыстылар үндестігі емес, сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндестігі деді. Бұл ғылыми тұжырым сингармонизмді фонологиялық деңгейге көтеріп, түркі тілінің дыбыс жүйесін зерттеу болашағына әрі үлкен, әрі жаңашыл, әрі ғылыми болжамы мол жол ашып береді», - деп бағалады [7, 70–71-бб.]. Мұның өзі – ғалым еңбегінің осы күнге дейін құнын жоғалтпай отырғанының айғағы. Ә. Жүнісбектің жасаған қорытындысы да Х. Досмұхамедұлының пікірін растап отыр: «...сингармонизм арқылы біз барлық дыбыстардың, дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да біртекті тембралды ұйымдастырылуын түсінеміз, бұл сөздің тұтастай фонетикалық көрінісін құрайды» [8, 23-б.].

Х. Досмұхамедұлының дүние жүзі тілдерінің жіктеліміне жасаған шолуына қарағанда, ғалымның сол кездегі жалпы тіл білімінен мол хабары болғандығын көреміз. Дүние жүзіндегі тіл топтарын атап қана қоймай, олардың басты-басты дыбыстық және тілдік белгілерін сараптап шыққан, олардың бір-біріне етер ықпалын болжап берген. Соңғы кездегі қазақ тіліне ене бастаған батыс елдері сөздерінің қазақша қалай икемделе бастағанына көз жүгіртсек, ғалымның сол бір кезде айтып кеткен мына пікірі тілге оралады: «...Ауропа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Ауропа сөзін асыл нұсқасынан алып өзгертіп қолдану керек», – дейді [6, 67-б.].

С. Мырзабеков ғалым Х. Досмұхамедұлының қазақ тіл білімі тарихындағы орнын аса жоғары бағалап, әсіресе элеуметтік лингвистика бағытындағы және қазақ сөзінің айтылым үлгісіне қатысты ұсыныстарын талмай насихаттап келеді. «Мамандығы дәрігер бола тұрып, ғылымның түрлі саласында татымды еңбек еткен Досмұхамедұлы Халелді тіл зерттеушісі ретінде бөле-жара айту керек болады», – дей келіп [9, 17-б.], ғалымның сингармонизмді алғаш қазақ тілінде жан-жақты баяндап, жеріне жеткізе талдап бергенін аса жоғары бағалап, ендігі жерде «тіл үндестігін Халелше түсініп, Халелше пайымдаған абзал» [9, 34-б.] екендігін ескертеді. Бұдан біз Х. Досмұхамедұлының тіл біліміндегі бірегей еңбегін ғылыми көпшілік ұмытпай, қайта жаңғыртып келе жатқанын көреміз.

Қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеуші ғалымдар фонетиканың зерттелу тарихын бірнеше дәуірлерге бөліп қарайды. Соның ішінде өткен ғасырдың 20–30 жылдары

өз алдына дербес тұр. Бұл – қазақ тілтанымның көш бастаушысы А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы еңбек еткен дәуір еді.

Сол кездегі, сондай-ақ одан кейінгі кездегі (тіптен осы күнге дейінгі) жалпы және қазақ фонетикасында мызғымай келе жатқан, үндестікті тек дауыстылармен байланыстырып отырған «гармония гласных» теориясымен салыстырғанда жоғарыдағы А. Байтұрсынұлы мен Х. Досмұхамедұлының ұсынған ғылыми шешімнің аса дәлдігін ерекше атауға тура келеді. Әрі қарай талдаулар осы ізбен жүргізілу керек екендігін, сонда ғана қазақ сөзінің фонетикалық табиғаты жайлы ақиқат нәтижеге қол жеткізуге болатынын естен шығармаған жөн деп санаймыз.

Жалғамалы қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің негізгі қасиеті – сингармонизм теориясы көп жылдар бойы дауысты дыбыстар үндесімі деп айтылып келді және қазіргі таңда көптеген оқулықтар мен басылымдарда, сөздіктерде де осы пікір жиі кездеседі. Сонымен қатар сингармониялық тілдің дыбыс жүйесі акценттік тілдердің зерттелу заңдылықтарымен түсіндіріліп келді.

Қазақ тіл білімінің дыбыстық жүйесінің зерттелуі мен дамуын профессор Ж. Әбуұлы төрт кезеңге бөледі:

1. XIX ғ. ауызша-сингармонизм талдауы кезеңінде зерттеушілер негізінен қазақ сөйлеу тілінің естіліміне бақылау жасады. Осы кезеңде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі естілім (слуховое восприятие) арқылы жасалды.

2. XX ғ. басынан 1937 жылға дейінгі интуитивті-сингармониялық талдау кезеңінде зерттеушілер сингармонизм заңын интуитивті түрде түсініп, қазақ тілінің дыбыс жүйесін суреттеді. Бұл кезеңнің өкілі А. Байтұрсынұлы өз заманына жаңа әрі тың сингармониялық әліпби мен сингармониялық орфографияның негізін қалап, қазақ тілінің әліпбиі мен орфографиясын сингармонизм теориясы негізінде жасауды ұсынған.

3. XX ғ. 40–60-жылдарындағы асингармониялық талдау кезеңінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі тек үнді-еуропалық тіл білімі теориясының фонологиялық түсініктері мен терминдерінің негізінде түсіндіріліп, сингармонизм дыбыс жүйесінен тыс қалды. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәстүрлі түрде түсіндіріп келген акцентті-фонемалық теория – осы кезеңге тән. Акцентті-фонемалық теория кезеңінде сингармонизм тек дауыстылар үндесімі деген түсінікпен белгілі болды.

4. 70–90-жылдардағы теориялық-сингармониялық талдау кезеңінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі тек сингармонизм заңының қолданылуымен жүзеге асты [10, 38-б.].

Қазақ тіліндегі (түркі тілдеріндегі) сингармонизмнің негізін қалап, теориялық түрде түсіндіріп берген Ә. Жүнісбек пен Ж. Әбуұлы осы кезеңнің көрнекті өкілдері болып табылады.

Қазақ тілі фонетикасының даму тарихындағы екінші кезең, яғни интуитивті-сингармониялық талдау кезеңі өзінің ерекше жаңалықтарына қарамастан ұзақ жылдар бойы мамандар назарынан тыс қалып отырды. Дегенмен бұл кезең зерттеушілері тілді қолданушы әрі ғалым интуициясына сүйене отырып, сингармонизмнің мәнін нақты анықтады. Нәтижесінде қазақ әліпбиі мен жазу ережелері қолданысқа енгізілді.

А. Байтұрсынұлы қазақ сөзінің негізгі просодикалық қасиетінің сингармонизм (үндесім заңы) екенін түсінген. Сондай-ақ Х. Досмұхамедұлы да лингвистикаға сингармонизмді дауыстылардың емес, «дыбыстардың үндесімі (гармония звуков)» анықтамасын енгізген.

Онан кейінгі сингармониялық талдау кезеңінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі үнді-еуропалық тіл білімі теориясының фонологиялық түсініктері мен терминдерінің негізінде жан-жақты зерттеліп, қазақ тіл біліміне ендірілді. К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» оқулығындағы «Фонетика» тарауы акцентті-фонемалық теория қағидалары арқылы түсіндірілген және онда сингармонизм деп дауыстылардың бір-бірімен өзара үндесуін атаған да, дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп өзара үндесуін ассимиляция деп атап көрсеткен

және лингвистикалық біршама әдебиеттерде сингармонизмнің ассимиляцияның бір түрі ретінде қарастырылғанын көреміз [11]. Дегенмен ғалым: «Дауыстылардың бір-біріне әсер етіп, өзара үндесіп айтылуы да олардың артикуляциясына байланысты екендігін ескергенде, сингармонизмді ассимиляцияның бір түрі деп қараудың ешбір оғаштығы жоқ екені рас. Бірақ басқа тілдердегідей емес, түркі тілдерінде сингармонизм құбылысы (дауыстылардың бір-бірімен өзара үндесіп айтылу құбылысы) айрықша орын алады. Бұл құбылыс түркі тілдеріне өте-мөте кең тараған», [11, 58-б.] – деп сингармонизмнің түркі тілдеріне тән қасиет екенін байқаған.

Ал қазақ тілінің дыбыс жүйесін жүйелі, ғылыми түрде түсіндіріп берген Ә. Жүнісбек пен Ж. Әбуұлы сингармонизмді дауысты және дауыссыз дыбыстар үндесімінің өзіндік нәтижесі дей келе, сингармонизм теориясының дәстүрлі, яғни акцентті-фонемалық теория қағидалары арқылы қабылданған «дауыстылар үндесімі» деген қате пікірін жоққа шығарып, оны сөздің не буынның фонетикалық келбетін құрайтын барлық дыбыстардың (дауысты және дауыссыз дыбыстардың) біркелкі тембрлік ұйымдасуы деп түсіндіреді.

Жалпы тіл білімінде қабылданған және қалыптасқан просодикалық бірлік болып тек екпін мен тон ғана табылды. Осы орайда Ә. Жүнісбектің түркі тілдерін просодикалық деңгейде зерттеген еңбектерінде түркі тілдеріндегі буын – ең кіші айтылатын бірлік. Мәселен, Ә. Жүнісбектің пікірінше, еуропалық және оңтүстік шығыс тілдеріндегі дауыстылар мен дауыссыздардың сегменттерінің барабарлығының болуы сөз ағынын ең кіші минималды функционалдық бірліктерге мүшелеуге жеткіліксіз негіз екені белгілі. Еуропа тілдерінде бұл ең кіші бірлік – фонема болса, шығыс тілдерінде ол – тонема. Дегенмен, түркі тілдеріндегі осындай сегменттерге фонема не тонема атаулары сәйкес келмейді. Осыдан сингармониялы айтылатын бірлік қажеттілігі туындайды. Түркі тілінде сингармониялық тембрдің қатаң регламенттенген ең кіші айтылатын бірлігі буын болып табылады. Нәтижесінде бұл бірлікке сингармонизм ұғымынан шыққан термин «сингема» ұғымы ұсынылды («сингема» термині ресми түрде әлі қабылданбағандықтан онымен қатар «синема», «сингармема» ұғымдары ұсынылды).

Жалпы тіл білімінде «фонология» ұғымы фонеманы зерттейтін ғылым ретінде белгілі және шығыс тілдеріндегі тонема мен түркі тілдеріндегі сингеманы зерттейтін ғылым ретінде осы кезеңге дейін механикалық түрде қолданылып келеді. Демек фонология – тек фонеманы, яғни еуропа тілдерінің дыбыс жүйесін зерттейтін ғылым. Олай болса, ғалым шығыс тілдеріндегі тонеманы зерттейтін ғылымға тонемология, ал түркі тілдеріндегі сингеманы зерттейтін ғылым саласына сингемология деген терминдерді қолдану қажет деп табады. Оған қоса, аталған жүйені жалпылау және оның терминологиясын жетілдіру мақсатында, тілдің просодикалық элементтері туралы зерттеу типологиясына сәйкес ғалым «фонология» терминін «фонемология» терминімен ауыстыруды ұсынады.

Сонымен, Ә. Жүнісбек сөз екпіні, сөз тоны мен сөз сингармонизмі бірдей қызмет атқаратындығымен қатар, олардың сөздің дыбыстық сегментін (фонема, тонема, сингема) біріктіретіндігін атап көрсетеді. Шын мәнінде, үндіеуропа тілдерінде фонетикалық деңгейде сөз бірлігінің просодикалық құралы болып сөз екпіні, тай-қытай тілдерінде сөз тоны, ал түркі тілдерінде сөз сингармонизмі табылады. Сондықтан ғалым мына жүйелеу сызбасын ұсынады:

1. Дыбыс жүйесін сегменттік түрде зерттеуде «фонема – фонемология», «тон – тонемология» және «сингема – сингемология» ұғымдарын енгізу.
2. Дыбыс жүйесін просодикалық деңгейде зерттеуде «екпін – акцентология», «тон – тонология» және «сингармонизм – сингармонология» ұғымдарын енгізу.

Мұнда атап өтетін жағдай, ғалым интонология ұғымының зерттейтін бірлігіне интонема атауын беріп, оның жүйесін зерттеуді болашақ зерттеулер еншісіне қалдырады.

Ә. Жүнісбек пен Ж. Әбуұлының пікірінше, түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі сөз просодиясын анықтаудан басталуы тиіс: тілдің буынға немесе дыбысқа мүшеленуінің



заңдылықтары просодияға байланысты және тек просодия ғана олардың артикуляциялық және акустикалық қасиеттерін анықтай алады.

Теориялық және эксперименталды-фонетикалық зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, дауысты және дауыссыз дыбыстар мен олардың реңктерінің артикуляциялық және акустикалық қасиеттерін сипаттау барысында қазақ тілінің дыбыстық жүйесі саласында бірқатар фонетикалық зерттеулер жүргізген Ә. Жүнісбек пен Ж. Әбуұлы еңбектерінің нәтижесінде Ленинград фонологиялық мектебінен бастау алып, ұзақ жылдар бойы кеңінен қолданылып келген акцентті-фонемалық теория тек үндіеуропалық тілдердің дыбыстық жүйесінің табиғатын түсіндіре алатын теория, ал орал-алтай тілдерінің, оның ішінде түркі тілдерінің, дыбыстық жүйесінің табиғатын тек сингармонизм теориясы позициясынан түсіндіруге болады деген көзқарас қалыптасты.

Дегенмен қазіргі қазақ тілінің дыбыс жүйесінде таласты мәселелер әлі күнге жалғасып келеді. Көптеген ғалымдар қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеп, әртүрлі пікірлер қалыптасуда. Мысалы, М. Жүсіпұлы сингармониялық теория бағытындағы зерттеулерді екіге бөледі: сингармонологиялық және сингармофонологиялық теория. К. Аханов сингармонизмді лингвальды және лабиальды деп бөледі.

### **Қорытынды**

Зерттеуде қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелу тарихының кезеңдері жайлы талданым жасалды. Шетелдік ғалымдармен қатар Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы бастаған тұлғалардан бастап, қазақтың лингвист ғалымдарының тұжырымдары жинақталды. Талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі үндестік заңының табиғаты ашылады.

Бүгінге дейін көптеген зерттеушілерде сингармонизмді тек дауысты дыбыстардың үндесуі деген пікір басым болды. Мектеп оқулықтары мен зерттеу еңбектерінде де осы анықтама беріліп жүр. Біз мақаламызда дауыссыз дыбыстардың да үндесетінін дәлелдейтін мысалдар бердік.

Қазақ тіліндегі сингармонизм туралы ғалымдардың теориялық пікірлері бірізді емес, сондықтан да қазақ тілінің фонетикалық жүйесін эксперименттік жолмен зерттеген ғалымдарының тұжырымдарына басымдық бердік.

Сингармониялық тілде дауыстымен қатар дауыссыз дыбыстың да өзіндік рөл атқаратынын дәлелдеуге тырыстық. Біздің шешімдерімізге кей қағидалар қайшы болғанмен, дыбыстардың жасалым, естілім сипатын лабораториялық жолмен зерттеген ғалымдардың көбінің пікірі біздің талдауымызбен сай келеді.

Түркі сөзінің негізі болып саналатын үндестік теориялар мен акцентті-фонемалық теориялардың проблемалық мәселелерін тереңірек түсіну маңызды болып табылады. Түркологияның дыбыстық жүйе саласында соңғы жылдарда жаңа, сингармониялық, сингармофонологиялық теориялардың қалыптасып, қолданысқа ене бастағаны осы мақаладағы тұжырымдар арқылы көрінеді.

Қазақ тілі дыбыс жүйесінің теориялық және эксперименталды-фонетикалық зерттеу саласында құнды нәтижелерге қол жеткізген Ә. Жүнісбек, Ж. Әбуұлы, М. Жүсіпұлы сияқты қазақ фонетист-ғалымдары сингармониялық теорияның ұғымдары мен терминдерін ретке келтіріп, сингармонизмнің түркі тіліне тән құбылыс екенін дәлелдеп берді.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ильминский И.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань: Университетская типография, 1861. – 49 с.
2. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). – Санкт-Петербург: Типография Императорской Академіи наукъ 1888–1911. – 318 с.

3. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
4. Жунибек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Арыс, 2009. – 108 с.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
6. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 69 б.
7. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.
8. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
9. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 200 б.
10. Абуов Ж. Перцептивная фонетика. – Алматы: КазГЮА, 1999. – 226 с.
11. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат. 1993. – 663 б.

#### REFERENCES

1. Пмински И.И. Материалы к изучению киргизского наречия. [Materials for the study of the Kyrgyz dialect]. – Kazan: Universitetskaia tipografiya, 1861. – 49 s. [in Russian]
2. Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskih narechi [Experience of the dictionary of Turkic dialects]. V 4-h tomah (8-i knigah). – Sankt-Petersburg: Tipografiya Imperatorskoi akademii nauk, 1888–1911. – 318 s. [in Russian]
3. Myrzabekov S. Qazaq tili fonetikasy [Phonetics of the Kazakh language]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 247 b. [in Kazakh]
4. Junisbek A. Vvedenie v singarmonicheskuiu fonetiku [Introduction to synharmonic phonetics]. – Almaty: Arys, 2009. – 108 s. [in Russian]
5. Baitursynuly A. Til tagylymy [Language training]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 446 b. [in Kazakh]
6. Dosmuhameduly H. Alaman [Alaman]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 69 b. [in Kazakh]
7. Jusipuly M. Ahmet Baitursynov jane qazirgi qazaq tili fonologiiasy [Ahmet Baitursynov and the phonology of the modern Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1998. – 215 b. [in Kazakh]
8. Junisbek A. Qazaq fonetikasy [Kazakh phonetics]. – Almaty: Arys, 2009. – 312 b. [in Kazakh]
9. Myrzabekov S. Qazaq tilinin dybys juiesi [Sound system of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 200 b. [in Kazakh]
10. Abuov J. Perceptivnaia fonetika [Perceptual phonetics]. – Almaty: KazGIuA, 1999. – 226 s. [in Russian]
11. Ahanov K. Til biliminin negizderi [Basics of linguistics]. – Almaty: Sanat. 1993. – 663 b. [in Kazakh]